

Әлихан Бөкейхан: Қазақтан салдат ала ма?

Ақмола, Торғай һәм Оралда 15 десетинадан ер басына надел (үлес) алған, Кабинеттен жер алған қазақ «қала салсақ, мұжықша біз де салдат беземіз» деп қорқады. Переселен төрелері 15-тен жер ал десе, қазақтар: - ауылы жер алсақ, салдат алмайсын ба? –деп сұрайды. Күні үшін жанын жалдап, күнге пісіп, ащы суымызды ішіп, шаңдағымызға батып тамақ үшін жұмыс қылып жүрген төрелер салдат алмаймыз деп бір жапырақ қағаз берсе, бейшара қазақтар жаудан мал айырғандай қуанады.

«Салдат алмаймын дейді ғой, салдат алмаса болады» деп тоғытқан қойша ұйытқып, ұйытқып барса қайтпасқа кіріп кеп кетеді.

Біздің Россия Еуропа патшалығы, яғни біздің патшалық сияқты патшалықта не болса, закон арқылы болады, законсыз жалғыз қылшық түспейді.

1905-інші жылғы 17-нші өктәбрден бері бұрынғының үстіне Еуропа болдық. Енді законнен тысқары тышқан мұрнын қанатуға болмайды.

Бұрын қазақтан неге салдат алмаған? - Қазақтан салдат алынбасын деген закон бар; войнски уставтың 42-нші ыстатиясында жазған: «Түркістан халқы һәм Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай қазақтары салдаттықтан азат» деп.¹

1834-інші жылы Ақмола аға сұлтаны сұлтан Қоңыр Құлжа Құдайменде баласы² Петерборға барған. Сонда Қоңыр Құлжа айтқан: «патша салдат алады» деп қазақ халқы қорқып уайымдайды деп (ол уақытта қазақтың қадірлі күні), қазақтың қорқыныш жұмысын ашып бер деп сұраған соң, правительство Қоңыр Құлжаға қағаз берген: «қазақтан бұ күнде салдат алынбайды, келер уақытта да қазақ халқы салдаттан азат – осы қалпымен көшіп жүрсе де, егін егіп, сауда ғылып, өз еркімен кент қалпына түссе де» деген.³

¹ Сводъ законовъ Россійской Имперіи, томъ ІV, изд. 1897 года.

² Қоңыр Құлжа атасы Тентек Құдайменде мұның атасы Есім, мұның атасы Шахмаһмұд, мұның атасы Әз Тәуке. Әз-Тәуке Петр Велики патшамен хат алысқан. Еуропа тарихы осы Тәуке ереже закон шығарып, қазақты ру-руға бөлді дейді. Рудан көптерін ру-руға бөлгенде, рудан аздарын ыр қосып бір ру істеп «жеті ру» деп атаған; жетіру аты сонан шықты дейді.

Положение об инородцах-тың (бөтен тектілер жайындағы заң) 26-ншы ыстатиясының қосымшасында айтылған: «көшпелі инородцы»-лар (яғни көшпелі қазақтар) егін салғанымен өз ықтиярынсыз селски абывател (обыватель) болмайды; өзі сұрамаса, басқа (мұжық, мешан) сословиесіне қосылмайды» деп.⁴

Кабинет қазағына жер алдың – енді мұжыққа жазыл, жазылмасаң, саған жер жоқ деген төрелер осы қосымшаны судай кешіп айтып жүр. Законнен кешіп я аттап өтіп қылмаса, қазақты өз ықтиярысыз өзге сословиеге жазып жіберуге болмайды. Бұл, құдайға шүкір, болмас: біз законмен билейтін

Еуропа патшалығының қолтығында емеспіз бе? Осы жоғарыда баян қылған заңдер өзгерілмейді, жоғалмайды, қазақ халқынан 15 десетине жер алып, отырықшы болмақтан, қала салмақтан мұжықтың ар жағына өтемін деп шоқынса да, осы күнгі заң бойынша қазақтан салдат алу жоқ.

Патшалық қазақтан салдат аламын десе, әуелі бұл туралы өз алдына заң шығарады – осы күнгі салдат алмайтын заңды жояды.

1905-інші жылғы 17-нші өктәбрдегі манифесте патшамыздың берген уәдесі бар: «ендімұнан былай Государственни Дума һәм Совет мақұлдасам, ешбір заң – заң күшіне ірмейді» деп.

Қазақтан салдат алғызбай тұрған заңды жойғанда, осы Государственная Дума мен Совет арқылы жоқ қылады. Бір күнге шейін бұл сияқты заң жобасы я Дума я Советке кірген жоқ. Қазақ 15-тен жер алсам, салдат қылады деп босқа қорқады. Далада жұмыс қылып жүрген бір мүсәпір төренің шимайлап берген бір жапырақ қағазын босқа бұлдайды.

³ 1834 год 29 мая. Полное Собрание Законовъ, № 7141. Сборникъ И.И.Крафта 164 стран.

⁴ Сводъ законовъ Россійской Имперіи, томъ II, изд. 1892 г., Положеніе объ инородцахъ.

15 десетине жер алу – салдат алу-алмасқа шарт болмайды. Ол күн көру-көрмеске шарт болатын нәрсе. 15-тен жер алу салдаттыққа тіпті жанаспайтын мәселе. Бұл 15 десетинадан алып күн көруге бола ма, әйтпесе осы 15-ке мал бағып қазақ қожа Нәсіреддиншелеп: «маған жетейін десең, қатын, мәстір...», - деп жүре ме деген мәселе.

**Қыр баласы,
«Қазақ», № 13, 1913 жыл.**